



КАРАГАНДИН УНИВЕРСИТЕТИ

К а р Г у

Тақырыбы; Бағалау

Орындаған Жеткін Назерк Го 21 тобы

ЖОСПАРЫ;

- ? Бағалаудың тарихы.*
- ? Бағалаудың түрлері.*
- ? Жиындық, Диагностикалық бағалау ,
Критериалды бағалау , Қалыптастырушы
(формативтік) бағалау .*
- ? Қортынды.*

? **Мақсаты:** Қатысушыларға оқытуды бағалау суммативті, оқу үшін бағалау формативті, критериалды бағалаудың сабақ үрдісіндегі маңыздылығын көрсету.

? **Бағалау** — оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал ететін фактор. Бағалау, көбінесе, баға қоюдың синтездік түрі (1-ден 5-ке дейінгі ранг) арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ, мектеп тәжірибесіндегі бағалау баға қоюмен ғана шектелетін тәсіл емес, ол материалды меңгеру, меңгермеу фактісімен қатар оның себептерін анықтауға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Жоғары оқу орындарында бағалау рейтингтік әдіс арқылы жүргізіледі; қаласының Рейтинг.

БАҒАЛАУ ТАРИХЫ

? Бағалаудың алғашқы жүйесі **Германияда** пайда болған. Ол **үш ұпайдан** тұрған, әрқайсысы разрядтарды білдірген. Осы разрядтар бойынша оқушылар үздіктер, орташалар және нашарларға бөлінген. Уақыт өте орташа разрядты екі класқа бөледі, өйткені оқушылардың көпшілігі осы разрядта болған. Осылай бес ұпайлық шкала пайда болған.

? **Ресейде** алғашқы рет **1737** жылдан бастап білімді бағалай бастаған. Бағалар ол кезде сөздік түрде, «жақсы-жаман» ұғымдары шеңберінде болған. Кейінгі уақыттарда ресейлік бағалау 3-, 5-, 8-, 10-, 12-ұпайлық жүйеден өткен.



Бағалаудың мақсаты:

- Оқытудың қиындықтарын анықтау;
- Жетістіктер туралы кері байланыс (оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар үшін);
- Болжау және сұрыптау;
- Стандарттарды бақылау және орындау;
- Оқыту бағдарламасының мазмұнын және білім беру стилін бақылау

* Қазақстандағы бағалау жүйесіндегі оң өзгерістер



- * Назарбаев мектептерінде критериалдық бағалау жүйесінің еңгізілуі
- * 2011-2012 оқу жылында Назарбаев мектептерінің физика-математикалық бағытындағы 7 сыныптарда және химия-биология бағытындағы 8 сыныптарда критериалды бағалау жүйесінің тәжірибеден өткізудің I кезеңі болды. Астанадағы Назарбаев зияткерлік мектебіндегі барлық сыныптарға еңгізілді. 2012-2013 оқу жылында II кезеңі, 2013-2014 оқу жылында III кезеңі, 2014-2015 оқу жылында IV кезеңі жүргізіліп келеді.
- * Деңгейлік бағдарламаның іске асырылуы

*** Бағалау- “жақын отыру”- басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін өзі бақылау жағдайында дербес ойлауын, түсінігін тәртібін мұқият бақылау**

*Оқу үшін бағалау
/қалыптастырушы
бағалау/*

- *Оқушылардың оқуына ықпал ету*

*Оқуды бағалау
/жасынтық бағалау/*

- *Баға қою, сертификаттау, оқу қорытындысын шығару*

БАҒАЛАУ ТҮРЛЕРІ

Диагностикалық бағалау – бұл оқушының білім, білік, дағдылары мен құзыреттіліктері қалыптасуының бастапқы деңгейін анықтау. Диагностикалық бағалау әдеттегідей оқу жылының басында немесе жаңа тақырыптың, бөлімнің, тараудың бірінші сабағында өткізіледі

.



Диагностикалық бағалау – бұл оқушының білім, білік, дағдылары мен құзыреттіліктері қалыптасуының бастапқы деңгейін анықтау. Диагностикалық бағалау әдеттегідей оқу жылының басында немесе жаңа тақырыптың, бөлімнің, тараудың бірінші сабағында өткізіледі.

ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ

Қалыптастырушы (формативтік) бағалау – бұл баланың оқуын үздіксіз бақылау үдерісі. Қалыптастырушы бағалау бағасыз бағалау болып табылады, ол критерийлерге сәйкес бағалауға негізделеді және кері байланысты меңзейді.

Қалыптастырушы бағалау мақсаты – оқу үдерісінің барысында мұғалім мен оқушы қызметін түзету. Қалыптастырушы бағалау оқу нәтижесін жақсартуға бағытталған.

Кері байланыс – бұл мақсатқа алып баратын нақты әрекеттер, жағдайлар туралы пікірлерді (комментарийлерді) беру және алу үдерісі. Кері байланыс мұғалімге оқыту үдерісі қалай жүріп жатқаны туралы, оқушылардың жетістіктері мен проблемалары туралы түсінік береді. Кері байланыс **екі түрде** өтеді:

- ? ауызша;
- ? жазбаша.

Талаптары:

- ? *Нақты, түсінікті, дер кезінде және тақырып бойынша болуы тиіс.*
- ? *Жетістіктер мен кемшіліктер туралы ақпараттандыруы керек.*
- ? *Бірін-бірі сыйлау жағдайында өтуі керек.*
- ? *Оқушыға дұрыс жауап беруге, қателерді түзетуге немесе ойлау бағытын өзгертуге **уақыт** берілуі керек.*
- ? *Жетістікті қамтамасыз етуі керек.*

? ***Критериалды бағалау*** - оқу бағдарламасындағы күтілетін нәтижелерге жету мақсатында оқушылардың білім алудағы жеке даму жолына түзетулер енгізуге мүмкіндік беретін, оқушының оқу жетістігін алдын-ала нақты анықталған бағалау критерийлерімен сәйкестігін бағалау болып табылады.

Критериалды бағалау :

**Қалыптас-
тырушы
бағалау**

- Күнделікті алған білімінің меңгеру деңгейін анықтайды.

**Негізгі
бағалау**

- Бір тарауға байланысты қалыптастырған білім деңгейін анықтайды

- * **Критериалды бағалау-**
бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу-танымдық кұзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі .

Критериалды бағалаудың маңыздылығы:

Мұғалім үшін:

- Әрбір оқушының өзгешелігін ескере отыра жеке білім алу траекториясын құру.

Оқушы үшін:

- Берілген бағалау критерийлерін түсіну, қолдану, жұмысын бағалай білуі.

Ата-ана үшін:

- Баланың білім алуындағы өсу деңгейін қадағалауы.



Критериалды бағалау

Жиынтық бағалау
(оқуды бағалау)-
суммативті
бағалау

- Оқуды бағалау кезінде бір оқушының жетістіктерінің белгіленген нормалармен немесе бірдей жастағы оқушылар тобының қол жеткізген деңгейімен арақатынасы салыстырылған соң қорытынды жасалады. Мұндай қорытындылар стандартқа немесе әдетте балл немесе деңгей түрінде межелікке «сәйкес\сәйкес емес» деген нысанда болады. (МАН 25)

Қалыптастырушы
бағалау (оқыту
үшін бағалау) –
формативті
бағалау

- Оқыту үшін бағалау – бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар мен олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу. (МАН 25)

Жиынтық бағалау

Жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, триместр, оқу жылы, орта білім деңгейі), сондай-ақ оқу бағдарламаларындағы бөлімдер/ортақ тақырыптарды аяқтаған кезде балл және баға қою арқылы жүргізілетін бағалау түрі



? ***Жиынтық бағалау мақсаты*** – белгілі уақыт ішінде оқушының білім, білік, дағдылары мен кұзыреттіліктері қалыптасу деңгейін және алынған нәтижелердің стандарт талаптарына сәйкестігін анықтау.

Жиынтық бағалау

Білім және оқу дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтайтын бағалау, ол төмендегідей жағдайларда жүзеге асырылады:

- мектеп дайындап, өткізген (ішкі жиынтық бағалау (ІЖБ) тоқсан соңындағы оқу ақпараты блогін меңгергенде;
- ұйым дайындап, өткізетін бастауыш, негізгі және жоғары мектепті аяқтағандағы сыртқы жиынтық бағалауда (ЖБ).

ЖИЫНТЫҚ (СУММАТИВТІ) БАҒАЛАУ

Ұмытпаңыз!

Жұмысты тексеру нәтижесінде алынған баға сынып журналына қойылады.

?

Суммативті бағалау

Белгілі бір мерзім
ішіндегі нақты білім
көрсеткішін көрсетеді
(Қорытынды тест,
емтихан, сынақ,
бақылау кеспелері,
т.б.)

Бағалау әдістерін
мұғалім жоспарлайды.



Формативті бағалау

Күнделікті тәжірибеде
қолданылады.
Міндетті түрде
оқушымен кері
байланыс орнатылу
керек. Мұғалімге
сыныптың түсіну,
ілгерілеу деңгейін
көрсетеді.



ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ ОҚУ ҮДЕРІСІНІҢ БІР ЖАҚТЫ СИПАТЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ:

- ? *баға қоюда қолданылатын меже;*
- ? *баға қою мерзімділігі;*
- ? *білім беру үдерісі субъектілері арасындағы байланыс механизмі;*
- ? *оқушылардың қаншалықты табысты оқитындығын өз бетімен анықтау механизмі..*

**БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ – БҰЛ БІЛІМ БЕРУ
ҮДЕРІСІН ӨЗ БЕТІМЕН РЕТТЕУДІҢ
ТАБИҒИ ІШКІ МЕХАНИЗМІ;
СУБЪЕКТІЛІК ОҚУ ҮДЕРІСІНІҢ
СӘТТІЛІГІНЕ БАРЫНША КЕРІ ӘСЕРІН
ТИГІЗЕДІ.**



КЕМШІЛІКТЕР

КӨПТЕГЕН ОНЖЫЛДЫҚТАР БОЙЫ 5
БАЛДЫҚ БАҒАЛАУ ОҚУШЫЛАРДЫҢ
ЖЕТІСТІКТЕРІН БАСҚА ОҚУШЫЛАРДЫҢ
ЖЕТІСТІКТЕРІМЕН САЛЫСТЫРУДАН
ТҰРДЫ, ЖӘНЕ БАҒАЛАУДЫҢ ОСЫНДАЙ
ТӘСІЛІНІҢ БІРҚАТАР КЕМШІЛІКТЕРІ ДЕ
ЖОҚ ЕМЕС:



МҰҒАЛІМ ҰСТАНЫМДАРЫ

КЕШЕ

Оқушы – “басты жау” және менен төмен тұрушы

Оқушы менен аз біледі және барлық жағдайды дұрыс түсінбейді

Оқулықпен шектелу, дәстүрлі оқыту әдістерін қолдану

Үлгі бойынша жұмыс жүргізу

Оқушыны оқуға міндеттеу

Оқушы мұғалімнен қорқу керек

Оқушы проблемасы – өзгенің проблемасы

Мұғалім оқушыны үнемі бақылау керек

БҮГІН

Оқушы – дос және тең құқылы серіктес

Оқушы кей жағдайды менен де терең түсінеді және біледі

Оқытудың жаңа әдістерін қолдану

Танымдық белсенділікті арттыру

Оқушының қызығушылығын ояту

Оқушы мұғаліммен сыйласу керек

Оқушы проблемасы – менің проблемам, оған көмек беру

Өзара бірлесіп жұмыс жасау

ҚОРТЫНДЫ

? Оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау. Алынған білімдік нәтижелердің алдын ала жоспарланған нәтижелерге сәйкестік дәрежесін анықтау.

Қатысушыларға оқытуды бағалау суммативті, формативті, критериалды бағалаудың сабақ үрдісіндегі маңыздылығын көрсету.

ӨЗІН ӨЗІ ТЕКСЕРУ СҰРАҚТАРЫ

- ? "Салауатты өмір салтының" рухани-имандылық негізгі мақсаттары:
- ? Авторитарлық тәрбие:
- ? Ақыл – ой тәрбиесінің мазмұнына жатады:
- ? А.С.Макаренко қалыптасқан ұжымның ерекше белгілеріне назар аударған:
- ? 12 ғасырдағы князь Владимир Мономахтың «балаларды үйрету педагогикалық трактатының негізгі идеялары»
- ? А.С.Макаренко қалыптасқан ұжымның ерекше белгілеріне, назар аударған. Олар:

НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ

